

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 1179 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 8 мамырдағы № 320 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы" үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 267-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі" деген сөздер "Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережеде:

тақырыбындағы "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі" деген сөздер "Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

**"1. Жалпы ережелер**

1. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын және занды мұдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2. Ведомствоаралық комиссия - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан, ал облыстық, қалалық, қаладағы аудандық, аудандық комиссия тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады.

3. Қажет болған кезде Комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі жанынан құрылуды

мүмкін. Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі жанынан комиссия аудандық комиссияның құқықтары мен міндеттері болады. Кенттік, ауылдық (селолық) комиссияны және ауылдық (селолық) округ комиссиясын құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын тиісті ауданың мәслихаты бекітеді.

4. Комиссияның құрамында төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және жауапты хатшы болады. Төраға мен жауапты хатшы мемлекеттік органдар аппараттарындағы штаттық лауазымдарды атқарады. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі кенттік, ауылдық (селолық) комиссия немесе ауылдық (селолық) округ комиссиясы төрағасының функцияларын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі атқарады.

5. Комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сактау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органдың, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алуға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

6. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституациясының, "Бала құқықтары туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының, осы Ереженің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырады.

7. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган алдында жауапты, сондай-ақ жоғары тұрган Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бақылауында болады және оған есеп береді. Комиссияларды құру тәртібі және олардың қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандардың қараусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтары мен қоғамға қарсы әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалудың және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге, оларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелер әзірлейді;

3) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстau жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қараусыз және панасыз қалуының жай-күйін зерделейді және осы салада социологиялық зерттеулер жүргізуді үйымдастырады;

5) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдар желісінің дамуына жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алумен айналысатын органдар мен үйымдар жұмысының оң тәжірибесін жинақтайды және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

7) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын қорғау жөнінде жүргізілетін жұмыстар туралы мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша өзара ақпарат алмасуды үйымдастырады;

8) кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру үйымдарына және ерекше ұстau режимі бар білім беру үйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;

9) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған не арнайы білім беру үйымдары мен ерекше ұстau режимі бар білім беру үйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыруда, сондай-ақ өмірде қын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруды мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және ұстau жөніндегі өз міндеттемелерін орындаітын не олардың мінез-құлыштарына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне қатысты материалдарды қарайды;

11) бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу жөнінде жүргізілетін жұмыс туралы жариялауды үйымдастырады.";

9-тармақта:

2) тармақшадағы "қараусыз" деген сөзден кейін ", панасыз" деген сөзben толықтырылсын;

6) тармақша "мұқтаж" деген сөзден кейін "және өмірде қыын жағдайға душар болған" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшаның үшінші абзацы "ұйымдарынан" деген сөзден кейін ", ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымдарынан" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) арнайы білім беру ұйымының, ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмағанның көрсетілген мекемелерде болуын мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ онда болу мерзімін ол қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған әрекет жасаған жағдайларда ұзартуға немесе кәмелетке толмағанның немесе оның заңды өкілдерінің өтініші бойынша оны басқа арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымдарына ауыстыруға байланысты мәселелер бойынша сотқа ұсыныс дайындау;";

17) тармақшадағы "арнайы білім беру ұйымдарында," деген сөздерден кейін "ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымдарында," деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта:

1) тармақшадағы "олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда орналасқан," деген сөздерден кейін "өмірде қыын жағдайға душар болған," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы ", еңбек және әлеуметтік қорғау органдарына" деген сөздер "органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "арнайы білім беру ұйымдарынан" деген сөздерден кейін ", ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымдарынан" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың екінші абзацы "арнайы білім беру ұйымдарына" деген сөзден кейін ", ерекше ұстau режимі бар білім беру ұйымдарына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет реcми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК